

# ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДА ДИАЛОГ БОЛҒАНЫ ДҰРЫС



**ANA TILI**

1990 жылғы  
тұрғындардың 22-сінінен  
бастап шығамын

Ұлттық тіл

Сізді жоғалтқан  
жұрттан  
мың аяқ жиналды

Космонавтика мамандары ғарыш кемесі экватор бойымен жер шарын 90 минутта айналып шығатынын айтады. Соның ішінде күншығыс елі – Жапонияның үстінен 15 секундта өтсе, Қазақстан кеңістігін бағындыруға бақандай 6 минутын жұмсайды екен. Осынау алып территориямыздың шекарасын бөрі кеуде, бұқа тұмсық батырларымыз қанымен сызып, қары талғанша айқасып, келер ұрпаққа аманаттап кетті. Қан тазалығы мен дәстүрге адалдық, генетикалық кодымыздың дұрыс берілуі – міне, шаңырағымызды шайқалтпай келген дала мектебі осы еді. Өкінішке қарай, қара барқын жамылтқан «Қаңтар қасіреті» мемлекеттік идеология мен ақпараттық қауіпсіздігімізде бұрандасы бос, бордай үгілгелі тұрған босаң тұстарымыз бар екенін көрсетті.

«Ел Конституциясына енгізілетін ең соңғы өзгеріс қандай болуы керек?» десек, ол – «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгеріс енгізуге болмайды» деген бап. Заң орындалуымен құнды, тұрақтылығымен өміршең. Құран аяттарындай өзгермес, уақыт желі өшіре алмайтын сына тастардағы қасиетті жазулардай мәңгілік мәртебесін алғанда ғана өзінің миссиясын орындайды. Ата заң әр билеушінің қойын дәптеріне айналып, кландық-олигархтық, лоббистік топтардың ыңғайына қарай жазылса, әлеуметтік тепе-теңдік бұзылып, қоғамдық апокалипсис басталады. Сондықтан басты заңның әр бабы қоғамдық талқылаудан өтіп, шынайы сүзгі мен сараптау жасалуы керек.

Салалық заңдар конституциялық нормаларды сақтауы маңызды. Сонда ғана физикадағы «кері тебу» заңы орын алмай, әлеуметтік әділдік орнайды. Қоғамда үлкен резонанс тудыратын сайлау, саяси партиялар, бейбіт митингілер және баспасөз туралы заңдар демократиялық принциптерге қарсы келмей, барынша әлемдік стандарттарға жақындауы тиіс. Ал ол қандай жағдайда мүмкін? Заң жобаларын ұпайы мен ұтысын түгендейтін мүдделі ведомстволар емес, арнайы маманданған, бейтарап ғылыми орта дайындауы қажет. Жасыратын не бар, біз қазір «айыппұлдар еліне» айналып кеттік. Естеріңізде болар, осыдан бес-алты жыл бұрын ҚР Ішкі істер министрлігі «Билік өкіліне бағынбағаны үшін 11 мың АЕК айыпұл төленсін» деген заңды

парламентке ұсынды. Мұндағы астрономиялық сумма депутаттардың қарсылығын тудырып, кері қайтарылғаны бар. Демек, халықтың әділетті ашынуын тудыратын солақай, солқылдақ заңдардың бекіп кетуін болдырмаудың жалғыз жолы, ол – құқықтық базаны тәуелсіз ортаның дайындауы.

Соңғы кездегі саяси оқиғалар халық пен биліктің алтын көпірі саналатын қоғаммен байланыс қызметінің жұмысын жандандырып, барынша күшейту қажеттігін көрсетіп берді. Бізде қалай? Көптеген мекеменің баспасөз қызметінде зейнет жасына жақындап, жұмысынан кемшілік табылып, жұрт көзінен тасаға кетуге мәжбүр «ескі гвардия» отырады. Өз ісінің кәсіби маманы емес, шығармашылық қабілеті жоқ, елмен сөйлесу тәжірибесі аз кадрлар қонжиып алған. Осы проблема шешілмей, дағдарысты жағдай оң шешімін таппайды. Қазақта «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген сөз бар. Мақсатты аудиторияны зерттеп, дұрыс сегменттеп, ақпараттық себепті дәл анықтай алатын өз ісінің шеберлері келуі керек.

Мемлекет және қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбаев бір сұхбатында: «Мен Қазақстандағы ең соңғы Ақпарат министрі болып қалсам деп армандаймын», – деген еді. Расында, цензураға тыйым салынып, сөз бостандығы мен шығармашылыққа кепілдік берілген елде мұндай лауазымның жақын болашақта жойылатыны заңдылық. Әдеп нормалары ғана сақталып, журналистің құқықтары мен жауапкершілігі қылмыстық, азаматтық және әкімшілік кодекстерде көзделеді. Тоқтам мен тоқпақ азайғанда ғана пікір еркіндігі салтанат құрады. Әйтсе де, өз мемлекеттілігін, идеологиясын, ақпараттық қауіпсіздігін – жалпы даму бағыт-бағдарын айқындап жатқан елге бұл қадамға бару әлі ерте. Отанымызды отқа орап, тұлғаларымыздан тұлып жасап, рәміздерімізді рәсуа еткісі келген соңғы оқиғалардан алар сабағымыз аз емес.

Билік дәлізіндегі ауыс-түйістердің ішінде ҚР Мемлекеттік хатшысы қызметіне Ерлан Қариннің келгені ерекше үміт сыйлайды. Сауатты менеджер, саясаттанушы, медиа саласының білгірі. Идеологиялық жұмыстың ықпыл-жықпылын жақсы біледі. Кешегі қанды қырғында нақақ жала жабылып, қамалғандарға ісінде азаматтық белсенділік танытқан адвокат Абзал Құспанға қолдау көрсетіп жатқанының өзі құптарлық. Халық пен биліктің арасындағы диалогтың орнап жатқанының көрінісі. Жандармдық-полицейлік ұстаным, тышқан ініндей тар таным әлемдік қауымдастық алдында абыройымызды өсірмейді. Демократиялық ашықтық, ақпараттық гигиена және адам құқықтарының сақталуы ғана қазақстандық жолға айналуы тиіс.

**Бекжан ӘШІРБАЕВ,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
**ЮНЕСКО,** халықаралық журналистика  
және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы

<https://anatili.kazgazeta.kz/news/60124>

